

ЕЖЕЛГІ ПЕТРОГЛИФ ӨНЕРІНІҢ КИІМ ДИЗАЙНЫНДА ҚОЛДАНУ ҮЛГІСІ

Гузал Масадикова¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан, Қазақстан)

Аңдатпа. Еуразия құрлығының таулы аймақтарында ежелгі тасқа сурет салу (петроглиф) өнерінің б.з.д. III–II мыңжылдығында қарулар мен жауынгерлер, дөңгелек пішіндер, кейбір зооморфты фигуралар мен арбалар сияқты құралдар мен құрылымдарды бейнелейтін құндылықтар кездеседі. Осындай құндылықтар қоғамдар арасында қалыптасқан киім мәдениетінің бүгінгі күнге дейін өзгерістер арқылы өзінің өміршеңдігін сақтауына себеп болуда. Қазіргі уақытта киім дизайны саласындағы тарихи өзгерістер сәнге айналдыра отырып, әртүрлі киім үлгілері өмір мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналууда. Бұл зерттеу жұмысы қола және темір дәуірінен бастау алатын Орталық Азия аймақтарындағы жартастардағы тасқа сурет салу өнерінің кейбір негізгі тақырыптарының символдық мәнін ескере отырып, дизайн саласындағы киімді сәндеуде қолданылатын композициялар негізінде қарастырылады. Зерттеу жұмысының негізгі көлемін ежелгі петроглиф өнерін киім мәдениеті мен сәнін тарихи процесте бүгінгі киім және сән мәдениетімен үйлестіру арқылы бағалау және оның бүгінгі киім дизайнына көрінісін зерттеу осы зерттеудің ауқымын құрайды. Сонымен бірге, жартастардағы көне таңбаларға шолу жасалынып, символдарды сән дизайнымен байланыстыра отырып, арақатынасы талқыланады. Жартастардағы көне таңбалардың қолдану әдісі туралы жалпы мәліметтерден кейін бұйымға айналдыруға арналған дизайн идеясы кезең-кезеңімен ұсынылды.

Көне таңбалардан «Күн бейнесі», «Күн басты адам», «Ешкі», «Түйе», «Бұғы», «Қошқар мүйіз ою», «Қыран құс» суреттері мен ою-өрнектерді композициялық шешімде модернизациялау арқылы әйел жейдесінің алдыңғы жағына орналастырылды. Киім дизайнындағы бұйымды жобалау процесінің негізгі бөлшегі болып табылатын эскиз жасаудан бастап, идеяны бұйымға айналдыру кезеңіне дейінгі жұмыстар компьютерлік бағдарламаларда (Adobe Photoshop CS6 және Adobe Illustrator CS6) көрнекілігімен дайындалып ұсынылды. Сонымен бірге, дизайнерлердің және сән әуесқойларының практикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жарнамалық тұжырымдамасынан бастап жеткілікті нұсқаулармен қамтамасыз ету үшін Мудборд (moodboard) тақтасы жоспарланып көрсетілген. Бұл зерттеу жұмысында талқыланған тақырыптар болашақ сәнгерлер мен сәнге қызығушылық танытқандарға киім дизайнында жобалау процесінің кезеңдерін меңгеруіне үлес қосады. Сонымен қатар композициялық суреттерді киімде қолдану туралы шығармашылық дағдыларын қалыптастыруына негіз болады.

Түйін сөздер: Петроглиф, сән, дизайн, киім, өнер, көне таңба, модернизация, жобалау.
Дәйексөз үшін: Гузал, Масадикова. «Ежелгі петроглиф өнерінің киім дизайнында қолдану үлгісі». *Central Asian Journal of Art Studies*, т.9, №3, 2024, с. 178–193, DOI: 10.47940/cajas.v9i3.849

Алғыс: Автор осы мақаланың артықшылықтарын бағалау және кемшіліктерін анықтау үшін өзінің күші мен кәсіби білімін жұмсаған құрметті анонимді рецензенттерге ізгі ризашылығын білдіреді.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Палеолит дәуірінен бүгінгі күнге дейін жеткен маңызды адамзат мұрасының бірі – жартастағы суреттер екені сөзсіз. Жартастағы суреттер Орталық және Ішкі Азиядағы б.з.б. I мыңжылдықтан 14. – 15. сан ғасырлардан бері келе жатқан көптеген тақырыптарды қамтиды. Палеолит дәуірінен бастап пайда бола бастаған жартас суреттері үңгірлердің ішінде және жартас беттерінде бейнеленген (Ceylan et al. 538; Rogozhinskii et al. 62-68). Орта Азиядағы ғылыми зерттеулер кезінде Оңтүстік Қазақстан Шу – Іле таулары және Тамғалыдан табылған жоғарғы жағындағы өгіздің үстіндегі күн басты құдай таңбалары (сурет 1), Ішкі Моңғолиядағы Бадин Жаран шөліндегі салт атты, ит және жыртқыш құс суреттері (Kudinova 25-30), Өзбекстанның Науаи қаласындағы Сармишсой, Ташкент уезіндегі Охангарон, Сурхандария уезіндегі Зарауытсарой сияқты жерлері (Chorigiev et al. 36-38), оңтүстігіндегі Зараут – Қаман жартас үңірінен аңшылық көріністері (Ceylan 10-18), Қырғызстанда табылған Саймалыташ алқабындағы жартастағы суреттері, Түркіменстанның оңтүстігінде орналасқан Ұлы Безели Дереедегі бояумен безендірілген жартас суреттерінің маңызы зор (Çağdaş 154; Güler 35-41; Üngör 39).

Жартастағы суреттерді біздің дәуірге дейінгі мысалдарда ерекше көркемдік стильде қалыптастырған петроглиф өнері, жаңа стильге қарай біртіндеп дамуда. Петроглиф өнері негізінен «тасқа ою» дегенді білдіреді. Тастарға, жартастарға, үңгірлерге «ою», «қыру» және «сурет салу» әдістерімен қашалған петроглифтер табылған жерлерді мұражайға айналдырып, мамандар «өрнек құралы» деп сипаттайды (Bahn et al. 254-285; Novozhenov 28; Rogozhinskii et al. 155-171).

Бүгінгі таңда Азиядан Еуропаға дейінгі көптеген құрлықтарда әртүрлі түрік тайпаларының әр кезеңде жасаған петроглифтері бар. Көбісі жазу өнері пайда болғанға дейінгі кезеңдерге (мезолит және неолит кезеңдері) жататын бұл шығармалар жазулар, обелисктер мен мөр тастары, қорғандар, кесенелер, мүсіндер, балбалдар, ою-өрнектер мен тұрмыстық заттар болып табылады (Amargazieva et al. 149-152; Goryachev et al. 18-24).





Сурет 1. Оңтүстік Қазақстан, Шу – Іле таулары, Тамғалы. Жоғарғы жағындағы өгіздің үстіндегі күн басты құдай.

Тасқа сурет салу өнері - ежелгі түркі мәдениеті мен өркениетінің ең құнды материалдық құндылықтарының бірі. Өйткені бұл шығармаларда ежелгі түркі мәдениетіне тән өмірі мен сеніміне қатысты терең іздер бар. Орталық Азия мәдениеті мен өркениетінің, әсіресе, сақ, ғұн, авар, казак, қырғыз, көктүрік және ұйғыр дәуірлеріне қатысты көптеген беймәлім жайларға жарық түсіреді. Солардың бірі, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімшілік шекарасында орналасқан Шимайлы петроглифтері қола дәуірінен бастап орта ғасырларға дейін жалғасатын кең уақыт кезеңін қамтиды (Ergabylov et al. 335-338; Kutlu 263; Rogozhinskiy 14-26).

Жартастағы суреттерде қамтылған негізгі тақырыптар; аң аулау мен қақпанға түсіру көріністері, тауешкілер мен бұғыларды бейнелеу, күн, ай мен жұлдыздарды ауыстыру бақсы ғұрыптары, атты әскер, жабайы жануарлардың бейнелері, соғыс көріністері, ойын-сауық көріністері, ою-өрнектер және дербес композициялар. Сонымен қатар, қасқыр, тауешкі, бұғы сияқты түрлі символдық және мифологиялық мағынаға ие жануарлардың діни сенімі мен күнделікті өміріне қатысты композициялық көріністері кездеседі. Қазіргі таңда бұл тақырып аясында Орталық Азия елдері үлкен даңққа ие болған өнерді сәндік стильге айналдырып, жартастағы көне

таңбалар тақырыбында қолдануда. Стильдің басты ерекшелігі – жартастағы ерте кезеңнің болмысын суреттеу арқылы сызықтармен өрнектеу. Эстетикалық түсінігін қабылдаған суретшілер табиғатқа қызығушылық танытып, өз жұмыстарын сызықтық стильге негіздеуде. Ежелгі көне таңбалар кескіндеме, иллюстрация, керамика, мүсін, зергерлік бұйымдар, сәулет өнері, сәндік бұйымдар, сән және костюм дизайны сияқты көптеген салаларда өз орнын тапқан қозғалыс. Шетелдік және Отандық дизайнерлер өз шығармашылық топтамаларында да таңбалар композициясы негізінде көрме және де сән байқауларында көрсетіп жатқаны белгілі. Қазақстандық дизайнер Әсел Ахметжанова шығармашылық жұмысын көрерменге ұсынды (сурет 2) ([https:// bilimdinews.kz](https://bilimdinews.kz)).

Еуропаның палеолиттік үңгірдегі суреттері шабыттандырады, бұл жағдайда Кристиан Диор Ласко



Сурет 2. К. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ұйымдастырылған Халықаралық жас дизайнерлер байқауынан көріністер.

коллекциясын шығарған кезде жоғары кутюрмен; Еуропаның ең ертедегі кейбір өнеріне негізделген сән. Біздің ежелгі ата-бабаларымыз бен қазіргі әлем арасындағы уақытты байланыстыратын әлемдегі ең көне өнер бүгінгі күнге дейін сақталып отырғаны белгілі (сурет 3) (<https://www.bradshawfoundation.com>).



Сурет 3. Кристиан Диор Ласко коллекциясы.

Әлемге әйгілі Cotton Doux бренді өз топтамасында еркек жейдесіне тастағы таңбалардың суретін басып шығарған (сур 4.а) (<https://www.cotondoux.com>). Осы сияқты тағы бір зерттеуші сәнгер Харрис твидін қайта өңдеу әдісін қолдана отырып, өз шығармасында твид пиджак үстіне көне таңбаларды жүнді маталармен аппликация жасай отырып, жаңаша киім үлгісін жасаған (сурет 4.б).



Сурет 4.а. Көне таңбалар суреті бар ерлерге арналған жұқа фитингті жейде.

4.б. Ине киізден жасалған петроглиф жартастағы суреті бар жоғары өңделген твид пиджак.

Археологиялық құндылықты модернизациялау және жаппай өндірісті қолөнермен үйлестіру үшін суретшілер мен дизайнерлер көбінесе

асимметриялық композицияларда қырлы, драпты және талғампаз дизайнды жасауда. Костюм дизайнында жиі қолданылатыны қисық және жануар пішіндеріндегі тасқа сурет салу өнері қазіргі таңда ұлттық өю — өрнектермен бірге өнердің модернизациясы саласында маңызды ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Бұл зерттеу жұмысы, ежелгі жартастардағы таңбаларды модернизациялау арқылы әйел жейдесінің сәндеу жұмысында қолдану болып табылады.

Зерттеудің әдіс-тәсілі

Бұл зерттеу жұмысында ежелгі жартастардағы таңбалар тақырыбы аясында әдебиеттерге шолу жасалынып, керекті мәліметтер жинақталды. Әдебиеттерге шолу, тек академиялық зерттеулерде ғана емес, әрбір инновациялық салада жасалуы тиіс алғашқы қадамдардың бірі болып табылады (Antons et al. 110-118; Lê et al. 305-315). Зерттеу тақырыбы аясында жиналған мәліметтер талқыланып, көне таңбалардың модернизациялық композициясының эскизі жасалынды (сурет 2). Өлшенген және киімге орналастыратын композицияның көркем сызбалары *Adobe Photoshop CS6* және *Adobe Illustrator CS6* компьютерлік бағдарламада дайындалды. Көркем композицияны жейдеге орналастыру үшін киімнің алдыңғы және артқы бөлігінің техникалық сызбасы жасалынды. Алтын түсті атлас (Dupont Satin Light Gold 07) матасынан жасалынған көне таңбалар композициясы жейденің алдыңғы тұсына кестеленіп, зигзаг тігістірмен безендіру жұмыстары жасалынды. Түстік Мудборд (Colour moodboard) тақтасы сандық түрде *Adobe Illustrator CS6* компьютерлік бағдарламаларда жинақталып дайындалды.

Көне таңбалар композициясын бұйымда жобалау процесі:

- Зерттеу (Әдебиеттерге шолу)
- Түстік тақтасы (Шабыт жинағы)
- Көркемсурет (Эскиз)
- Техникалық суреті
- Жобаланған модель
- Мудборд тақтасы (Moodboard)

Талқылау

Композицияға жинақталған көне таңбалардың сипаттамасы мен мағыналары қарастырылды. Бұл зерттеу жұмысына таңдалған көне петроглифтер төменде берілген (сурет 5). Сайып келгенде, жартастағы суреттер кез келген бір шопанның жазуы емес, ерте дәуірден бүгінгі күнге дейін алған стилімен көрсететін маңызды элементтер болып табылады. Бүгінгі таңда ежелгі тарихшылар, археологтар мен спелеологтар жүргізіп жатқан зерттеулер алдағы уақытта да киім дизайны саласында жалғасын табады. Бұл зерттеулер біз үшін аса мән беретін іздерінің Азияның ішкі аймақтарынан Еуропаға қалай тарағанын көрсетеді.

Күннің суреті/мөрі. Күннің суреті/мөрі Орталық Азия мәдениетінде кездесетін Құдайдың өкілі ретінде қабылданатын белгілердің бірі болу ерекшелігіне ие. Бұл сурет сақтардың құлпытастарында, сондай-ақ, кілем сияқты бұйымдарда бүгінде Қырғызстан, Қазақстан және Әзірбайжан туларында кездеседі (a, b) (Rogozhinskiy 28-37).

Күн басты адам. Орталық Азия мен көршілес аймақтардағы көптеген петроглифтерде басы сәулелермен қоршалған және кең таралған саусақтары бар антропоморфтық суреттер бар. «Басты адам» деп атайтын бұл күнбасты адам, исламға дейінгі шаманизмге сенетін түркілер «Шаман» немесе «Қам» деп атаған діндар адам, оны «Шамбала» деп те атаған; Бастық Қам - күннің басы бар етіп бейнеленуі құдайдың құдіретін білдіруі мүмкін, Аспан Тәңірін Жаратушы ретінде көретін және аспандағы ең құдіретті тіршілік иесі болып табылатын

күнге жету үшін аспандағы Құдайды іздейтін бақсылар (c) (Hein 10601-10607).

Қошқармүйіз ою. Қазақ ұлттық ою үлгісі. Орталық Азиядан Балқанға дейінгі кең аумақта қошқармүйіз жартас суреттерінде көрінуі осы жануарға қатысты наным-сенім мен мәдениеттің үлкен инфрақұрылымға ие болуына байланысты. Оның күнделікті тіршілігін қамтамасыз ету үшін аңшылық жануар болуы да, ешкі/қошқар тақырыбында көптеген әңгімелерде, ертегілер мен халық эпостарында жиі қолданылуы да жартас суреттерінде мұндай фигураларды салуға негіз болған. Сол сияқты біздің өңірде де үйлердің кіреберісінде қошқар мүйізін қолдану, қошқарды құлпытастарға ою техникасымен бейнелеу мәдениеті де жиі кездеседі (d) (Ogynbassarova 74).


Күн сәулесі және бұқа. Қола дәуіріндегі гравюралардың көрнекті тұлғасы — бұқа және күн құдайының пішіндері. Ғалымдар бұл көріністі күннің басынан түсетін сәулелердегі жарыққа қарсы қара бұқаның қараңғылығы туралы космологиялық идея ретінде түсіндіреді (e) (Molodin et al. 15-24).

Қыран құс. Сақ — скиф аң стилінде жыртқыш құстың (қыранның) бейнесі өте танымал. Бүркіт барлық ежелгі өркениеттердің мифтері мен рәміздерінде бейнеленген және бұл кескін тұрақты және жалпыға бірдей мағынаны бейнелейтін ең толық тәсілі — аспан (күн) қуатын, отты және өлместікті білдіреді. Сонымен қатар, қыран жоғары империялық билікті бейнелейді, оның құдайдан шыққанын атап көрсетеді. Бұл бейненің көшпелі ортада таралуы көшпелі қоғамдағы соғыс пен әскери әксіуектер рөлінің артуына байланысты (f) (Toleubayev et al. 243).

Түйе. Жартастағы суреттерде жиі кездесетін тағы бір сурет — түйе жануары. Түйе аңыздар мен эпостардың ең көп тақырыбы болып табылатын жануар. Жалпылама түрде «түсу»,

«жоюдан құтқару» және «жол көрсетуді» білдіреді (g) (Rozwadowski 165).

Ешкі. Қола дәуіріндегі петроглифтердегі ең көп таралған бейнелер - ешкі фигуралары. Орындалу тәсілі бойынша Шу – Іле тауларының жартастағы суреттері үшін дәстүрлі болып табылатын арқа немесе тақа тәрізді мүйізді бейнелейді. Текелердің жартастағы суреттерінен айырмашылығы - жануардың басының үстінде немесе артында спираль немесе шеңберге бұралған мүйіздердің бейнесі. Тауешкінің мүсіндері тау шындары мен биік жерлерде тотем ретінде жасалып, түрік мәдени өмірінде таптырмас таңба ретінде бүгінгі күнге дейін жеткен (h) (Goryachev et al. 18-25).



Сурет 5. Композицияға жинақталған көне таңбалардың сипаттамасы: (a,b) Күннің суреті/мөрі, (c) Күн басты адам, (d) Қошқар мүйіз ою, (e) Күн сәулесі және бұқа, (f) Қыран құс, (g) Түйе, (h) Ешкі.

Зерттеу жұмысының басты элементтері болып табылатын, көне петроглифтер мүсін, кескіндеме, сәулет, өнеркәсіп өнімдері және басқа да көптеген дизайн және өнер салаларында ықпалды болған этно-стиліндегі көріністерімен сән саласында да назар аударды. Осы тұрғыда, зерттелетін жинақтарда дизайнерлер әртүрлі материалдармен, композициялармен және түпнұсқа техникамен, сондай-ақ сандық басып шығару, аппликация және жол салу сияқты тоқыма әдістерімен киімде қолданатын көрнекілер байқалады. Технология күннен-күнге


қарқынды дамып келе жатқан осы кезеңде сол кезеңдерді бейнелейтін көне жартастағы таңбалар технологияның алғашқы кезеңдеріне қайтаратын тасқа сурет салу өнері шектеліп қалмайтыны анық. Көптеген салалардағы суретшілер мен дизайнерлер үшін шабыт көзі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Киім дизайнында жобалау процесі - киім мен аксессуарлардың дизайнын қамтитын өнер. Жобалау процесінде үлгілерді, түстерді, пішіндерді және басқа да бөлшектерді қамтуы мүмкін (Норкинс 138-147). Киім дизайнерлері жобалау процесі үшін көптеген әртүрлі бағдарламалық жасақтаманы пайдалануда. *Adobe Photoshop* - дизайнерлерге көрнекі материалдарды өңдеуге және теңшеуге мүмкіндік беретін графикалық дизайн бағдарламасы. *Adobe Illustrator* - векторлық графиканы жасауға арналған бағдарламалық құрал және оны дизайнерлер үлгілер мен логотиптер сияқты нәрселерді жасау үшін пайдаланады (Bowen 195; Cheng et al. 25-28; Нуме 148-165). Бұл зерттеу жұмысында жартастардағы таңбалардың композициясын құрастыруда, бұйымның жобалау процесінде *Adobe Photoshop CS6* және *Adobe Illustrator CS6* (сурет 2,3,4) компьютерлік бағдарламалар (penmous PenDex) қаламшасы арқылы қолданылып пайдаланылды.


1. Көркемсурет (Эскиз). Жартастардағы «Көне таңбалар» тақырыбында дайындалған көркемсурет және сипаттамасы (сур 6) берілген.

2. Техникалық сызба. Техникалық сызба дизайн идеясын және барлық өндірістік бөлшектерді өндіріс процесіне қатысатын адамдарға білдіру үшін қолданылады (Роров, 1248). 7-суретте тігу кезеңіне көмектесу үшін көне таңбалар мен ою-өрнек композициясының пропорциялары мен бөлшектерінің суреті берілген. Жейденің



Сурет 6. Көне таңбалар композициясының жейдеге орналастыруының көркем суретінің сипаттамасы: (a) Dupont Satin Light Gold 07, (b) Әр бір композициялық суреттің шекарасына қолданылған зигзаг тігіс, (c) барқыт мата (d) мақта құрамды ақ түсті жейде, (e) Анка Полиэфир жейде түймесі 10 мм 50's.

артқы және алдыңғы бөлігіне нұсқаулық ретінде қызмет ететін техникалық сызба *Adobe Illustrator* және *Adobe Photoshop CS6* бағдарламалары арқылы жасалынды.



Сурет 7. Жейдеге орналастырылған көне таңбалар композициясының техникалық сызбасы.

3. Жобаланған модель.

Жартастардағы көне таңбалар тақырыбындағы дайындалған композиция - жейденің сәндеу жұмыстарында қолданылуы, дайын бұйымның алдыңғы және жан көріністері (сурет 8) берілген.

4. Мудборд тақтасы. Жартастардағы көне таңбалардың модернизациясы және композициялық шешімде қолданылған бұйымның соңғы нұсқасы



Сурет 8. Көне таңбалар композициясымен сәнденген жейде: (a) сол жақ көрінісі, (b) алдынан көрінісі (c) оң жақ көрінісі.

шабыт көзі ретінде көрнекі бейнелерді қамтитын Мудборд (moodboard) тақтасы (сурет 6) берілген. Бұйымға айналдыру жоспарланған көне таңбалар композициясы таңдалған өнердің ерекшеліктерін бейнелейтін сюжеттік тақтасын қалыптастыру үшін біріктірілген. Көне таңбалар тақырыбын ашып айтсақ, бейнелеу өнерінде, әсіресе, бұрын жиі қолданылған көне таңбалар тасқа сурет салу өнерінің негізгі символдарының бірі болып табылады. Көне таңбалар әдетте тарихты және ежелгі өнерді көрсету мақсатында қазіргі таңда өнер адамдары тарапынан қолданылуда. Ежелгі тасқа сурет салу өнерінің жарқын көрінісіне сүйене отырып, жейдені безендіру дизайнының нәтижесі негізінде Мудборд тақтасы сипатталды.

Мудборд тақтасы жобаланған бұйымды нұсқаулық ретінде көрнекілігін көрсету үшін жасалады. Дизайн тақырыбын көрсетуі керек көрнекіліктер мен дайын өнімнің суреттері бұйымның не айтқысы келетіні туралы түсінік беру үшін тақтада бірге орналастырылды. Барлық бөлшектер біріктірілген киім дизайнының соңғы нұсқасы дененің алдыңғы және артқы көрінісімен ұсынылған. Мудборд тақтасын дайындау үшін *Adobe Photoshop CS6* бағдарламасы пайдаланылды.



Сурет 9. Көне таңбалар тақырыбындағы көркем композициясының “Мудборд” тақтасы..

Негізгі тұжырымдар

Бұл зерттеу жұмысында көне таңбалардың бүгінгі күнде сән және киім дизайны шығармаларға біртұтас көзқараспен қарасақ, петроглиф өнерінің өткеннен бүгінге дейінгі адамзат тарихына дейінгі білімін өз еңбектерінде әлеуметтік-мәдени және діни/рухани тұрғыдан пайдаланғаны белгілі болды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы:

1. Заман талабына сай өнерпаздар мен дизайнерлердің шығармашылық жұмыстарында түпнұсқа туындылар қолдануда мүмкіндік береді.
2. Өнерге үлкен мән берген петроглиф өнері көптеген дизайнерлерге әсер етіп, шабыт көзіне айналып, ұжымдық жадына әсер ететін шығармалардың тууына мүмкіндік береді.
3. Петроглиф өнерінің бүгінгі киім дизайнының стилін, сәнін және аспектілерін көрнекіліктермен қамтамасыз ету осы тақырыптарды білгісі келетіндер үшін ресурс болады.

Қорытынды

Алғашқы адамдардың үнгір қабырғаларына салған суреттерінен басталған өнер тарихының үрдісі өмірдің барлық дерлік салаларынан көріністерді қамтиды. Адамдардың табиғатқа, табиғатта кездесетін болмыстарға мән беруін өнердің дамуының маңызды факторларының бірі ретінде қарастыруға болады. Орталық Азия мәдениетінде өткенді, бүгінді және болашақты бейнелейтін көне таңбаларында сол кезеңнің болмысын сақтап қалғанын көреміз. Уақыт өте технологияның дамуымен бірге қоныстанған қоғамдар арасында аңыз болып қала берген бұл өнер туындылары бүгінгі күнге дейін әртүрлі өнер салаларында модернизациялау жолымен қолданылуда.

Жаңашылдықты іздеу — әр кезеңде болатын ұғым. Көркем қозғалыстардың бір-біріне реакция ретінде пайда болу себебін жаңаға деген ұмтылыс деп айтуға болады. Жаңа нәрселерді іздеу жиі байқалатын тағы бір сала — сән және тоқыма өнеркәсібі. Қарқынды дамып келе жатқан іскерлік және қоғамдық өмір аясында тұтынушылардың жаңа өнім іздеуі өндірушілерге де әсер етуде. Сондықтан, өндірушілер әртүрлі идеяларды киім дизайнымен үйлестіру арқылы заманауи жаңа дизайнды жасауды мақсат етеді. Бұл дизайнды қалыптастыратын басымдық әдетте тақырыпты анықтайды. Өнер кезеңдері, әдетте, тақырыпты анықтауда ең үлкен нұсқаулық ретінде таңдалады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, зерттеу аясында таңдалған көне таңбаларды ою-өрнектермен жұптастыру арқылы модернизацияланған. Жасалған жаңа дизайн жейденің алдыңғы бойына жобаланған. Жобалау процесі бойынша қарқынды зерттеулер жасалынып, негізгі нұсқаулармен және тақырыпқа дұрыс бағыт-бағытымен анықталған. Жоғарыда айтылғандай, жартастардағы көне таңбалар

композициясын модернизициялау, сән дизайнының маңызды бөлігі болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысында жасалынған бұйымды жобалау процесінің «жұмыс сызбасы» сурет салудың артықшылықтарын жақсырақ түсіндіру үшін берілген. Көне таңбалар жобалау процесінде қолданылған *Adobe Photoshop* және *Adobe Illustrator* компьютерлік бағдарламалары (репмюс PenDex) қаламшасы арқылы техникалық және көркем сызбалар мен өнер туындыларын жасауда маңызды болып табылады. Өйткені, бұл бағдарламалық жасақтама дизайнерлерге дизайнның сыртқы түрі мен бөлшектерін көрнекі түрде өңдеуге және теңшеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, осы бағдарламалық қамтамасыз етудің арқасында дизайнерлер техникалық сызбалармен қатар көркемсуреттерді де жасай алады. Сән дизайнындағы дағдыларын арттыру және дизайнды кәсіби ету үшін маңызды артықшылық болып табылады. Осы компьютерлік бағдарламалар нәтижесінде ежелгі жартастардағы таңбалар мен ою-өрнектерді біріктіру арқылы жаңа және

заманауи дизайн жасалынды. Қорыта айтқанда, заманауи сән үрдістерін көне таңбалармен үйлестіру арқылы әртүрлі композициялар пайда болады және киімдерді осы жаңа дизайнмен біріктіру арқылы жаңа сән бұйымдарын мүмкіндік береді.

Ұсыныстар. Жартастарға сурет салу өнерінің дамуы киім дизайны саласында технологиямен әкелген жаңалықтармен бірге техниканың дамуын материал ретінде қайта қарастырып, зерттеушілерге келесі ұсыныстар ұсынылады:

Мерзімді түрде қолданылатын материалдардың қарабайыр материалдардан қазіргі заманғы материалдарға өзгеруі мен дамуын да қарастыруға болады.

1. Петроглиф суреттерін композициялық мақсатта пайдалану үшін де киім дизайнында басқада техникаларды қарастыруға болады.

2. Киім дизайны саласында киімге қолданылады композицияларды басу техникасымен өнеркәсіптік жаңалықтармен әртүрлі беттерге және материалдарға басылғанын зерттеуге болады.

Дәйеккөздер тізімі

- Амаргазиева, Асел, және Елесбай Нуржума. Ұзынкүнгеі петроглифіндегі бақсылық сюжеті (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан). *Археология Қазақстана*, 2023, (2), б. 148–165.
- Antons, David, et al. Computational literature reviews: Method, algorithms, and roadmap. *Organizational Research Methods*, (2023) 26(1), pp 107-138.
- Bahn, Paul, et al. Rock art studies: News of the world VI. *Rock Art Studies*, (2021) pp. 259–370.
- Bowen, Peng, and Li Hua. *Application Exploration of Photoshop Computer Design Software in Contemporary Art Design*. Paper presented at the 2021 7th International Symposium on Mechatronics and Industrial Informatics (ISMII), 2021, pp. 185–196.
- Ceylan, Alpaslan. Çildir Başköy Kaya Resimleri. *Belgü*, 2, 2015, pp. 7–28.
- Ceylan, Alparslan, and Taner Aydın.. Elmalı kaya resimleri. *Manas Sosyal Araştırmalar Dergisi*, 2021, 10(1), pp. 535–556.
- Cheng, Wen-Huang, et al. Fashion meets computer vision: A survey. *ACM Computing Surveys (CSUR)*, 2021, 54(4), pp. 1–41.
- Choriyev, Sherzodjon, and et al. The history of archives in Central Asia: Ancient times. *History of science and technology*, 2023, 13(1), pp. 34–51.
- Çağdaş, Öznur. *İslam öncesi Türk Dönemi Orta Asya kaya resimlerinde kullanılan ana motifler*. Trakya Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2011, pp. 174–185.
- Güler, Hülya. Anadolu Kaya Resimleri. *İstanbul Aydın Üniversitesi Güzel Sanatlar Fakültesi Dergisi*, 2020, 6(11), pp. 33–42.
- Hein, Anke. Tibetan Plateau, Archaeology of. *Encyclopedia of global archaeology*, 2020, pp. 10597–10609.
- Hopkins, John. *Fashion Design: The Complete Guide*: Bloomsbury Publishing, 2021, pp. 141–152.
- Hume, Robert. *Fashion and Textile Design with Photoshop and Illustrator: Professional Creative Practice*: Bloomsbury Publishing. 2020, pp. 301–312. <https://www.bradshawfoundation.com> <https://www.cotondoux.com>
- Kutlu, Mehmet, and Samashev, Zeinolla. *Tarbagatay Petroglifleri, Şimaylı*. 2020, pp. 262–265.
- Le[^], Jane Kirsten, and Torsten Schmid. “The practice of innovating research methods.” *Organizational Research Methods*. 2022, 25(2), pp. 308–336.
- Molodin, Vlademir, et al. The “Kalgutinsky” style in the rock art of Central Asia. *Archaeology, Ethnology & Anthropology of Eurasia*, 2019, 47(3), pp. 12–26.

Novozhenov, Viktor. *Central Asian rock art on the silk road*. Paper presented at the International Conference on *Silk Road Sustainable Tourism Development and Cultural Heritage*, 2021, pp. 12–26.

Orynbasarova, Салтанат. *The meaning and specificity of the kazakh ornament «koshkarmuiz» in life*. Paper presented at the Приоритетные направления развития образования и науки, 2022, pp. 138–143.

Popov, Stepan. “The Importance of Computer Aided Technologies and Brand Promotion in Dress Design. *Revista Geintec-Gestao Inovacao E Tecnologias*, 2021, 11(2), pp. 1243–1252.

Rogozhinskii, Alexey, and Viktor Novozhenov. *Central Asia Cultural and Rock Art Landscapes Frequently Asked Questions In Central Asia Cultural and Rock Art Landscapes Samarkand*, 2018, pp. 59–72.

Rogozhinskiy, Alexey. Rock art sites in Kazakhstan. *Rock Art in Central Asia, A Thematic Study*, (Edited by Jean Clottes), Paris, 2011, pp. 9–43.

Rozwadowski, Andrzej. Rock art of Northern, Central, and Western Asia. *Oxford Handbook of the Archaeology and Anthropology of Rock Art*, 2018, pp. 151–176.

Toleubayev, Abdesh, et al. Image of an eagle in the art of the early nomads. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 122, 2014, pp. 240–244.

Üngör, İbrahim. Orta Asya'dan Anadolu'ya Kayalara Yazılan Türk Kültürü (Dereçi Kaya Resimleri). *Selçuk University Journal of Studies in Turcology/Selçuk Üniversitesi Türkiyat Arastirmalari Dergisi*, 2016, pp. 357–370.

Горячев, Александр, и др. Древние петроглифы урочища Тесик. *Археология Казахстана*, (1), 2022, с. 15–42.

Ергабылов, Акбар, және Бибизиа Калшабаева. «Petroglyphs identified in the Kalba region during archaeological exploration». *Научный аспект*, 2020, 3(4), с. 330–340.

Кудинова, Мария. «Изображения собак в наскальном искусстве на территории Китая». *Вестник Новосибирского государственного университета*. Серия: История, филология, 19(10), 2020, с. 23–34.

References

- Amargazieva, Asel, and Nurzhuma Yelesbay. “The plot of witchcraft in the Uzynkungei petroglyph (South-Eastern Kazakhstan).” *Archeology of Kazakhstan*, (2), 2023, pp. 148–165. (In Kazakh)
- Antons, David, et al. “Computational literature reviews: Method, algorithms, and roadmap.” *Organizational Research Methods*, 26(1), 2023, pp. 107–138.
- Bahn, Paul, et al.. Rock art studies: News of the world VI. *Rock Art Studies*, 2021, pp. 259–370.
- Bowen, Peng, and Li Hua. *Application Exploration of Photoshop Computer Design Software in Contemporary Art Design*. Paper presented at the 2021 7th International Symposium on Mechatronics and Industrial Informatics (ISMII), 2021, pp. 195.
- Ceylan, Alparslan. “Çildir Başköy Kaya Resimleri.” *Belgü*, (2), 2015, pp. 7–28.
- Ceylan, Alparslan, and Taner Aydın. “Elmalı kaya resimleri.” *Manas Sosyal Araştırmalar Dergisi*, 10 (1), 2021, pp. 535–556.
- Cheng, Wen-Huang, et al. Fashion meets computer vision: A survey. *ACM Computing Surveys (CSUR)*, 54(4), 2021, pp. 1–41.
- Choriyeu, Sherzadjon, et al. “The history of archives in Central Asia: Ancient times.” *History of science and technology*, 2023, 13(1), pp. 34–51.
- Çağdaş, Öznur. *İslam öncesi Türk Dönemi Orta Asya kaya resimlerinde kullanılan ana motifler*. Trakya Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2011, pp 1–185.
- Ergabylov, Akbar, and Bibizia Kalshabaeva. “Petroglyphs identified in the Kalba region during archaeological exploration.” *Scientific aspect*, 3(4), 2020, pp. 330–340. (In Russian).
- Goryachev, Alekasandr, et al. “Ancient petroglyphs of the Tesik tract.” *Archeology of Kazakhstan*, (1), 2022, pp. 15–42. (In Russian)
- Güler, Hülya. “Anadolu Kaya Resimleri.” *İstanbul Aydın Üniversitesi Güzel Sanatlar Fakültesi Dergisi*, 6(11), 2020, pp. 33–42.
- Hein, Anke. Tibetan Plateau, Archaeology of. *Encyclopedia of global archaeology*, 2020, pp. 10597–10609.
- Hopkins, John. *Fashion Design: The Complete Guide*: Bloomsbury Publishing. 2021, pp. 1–152. <https://www.bradshawfoundation.com> <https://www.cotondoux.com>
- Hume, Robert. *Fashion and Textile Design with Photoshop and Illustrator: Professional Creative Practice*: Bloomsbury Publishing. 2020, pp. 312.
- Kudinova, Maria. “Images of dogs in rock art in China.” *Bulletin of Novosibirsk State University. Series: History, philology*, 2020, 19(10), pp. 23–34. (In Russian).

Kutlu Mehmet, Samashev, Zeinolla. Tarbagatay Petroglifleri, Şımaylı. In. 2020, pp. 262–265.

Le[^], Jane Kirsten, and Torsten Schmid. “The practice of innovating research methods.” *Organizational Research Methods*, 25(2), 2022, pp. 308–336.

Molodin, Vlademir, et al. “The “Kalgutinsky” style in the rock art of Central Asia.” *Archaeology, Ethnology & Anthropology of Eurasia*, 2019, 47(3), pp. 12–26.

Novozhenov, Viktor. *Central Asian rock art on the silk road*. Paper presented at the International Conference on Silk Road Sustainable Tourism Development and Cultural Heritage. 2021, pp. 12–26.

Orynbassarova, Saltanat. *The meaning and specificity of the kazakh ornament «koshkarmuiz» in life*. Paper presented at the Приоритетные направления развития образования и науки, 2022.

Popov, Stepan. “The Importance of Computer Aided Technologies and Brand Promotion in Dress Design.” *Revista Geintec-Gestao Inovacao E Tecnologias*, 11(2), 2021, pp 1243-1252.

Rogozhinskii, Aleksey, and Viktor Novozhenov. Central Asia Cultural and Rock Art Landscapes Frequently Asked Questions *In Central Asia Cultural and Rock Art Landscapes*, Samarkand, 2018, pp. 59–72.

Rogozhinskiy, Alexey. *Rock art sites in Kazakhstan. Rock Art in Central Asia, A Thematic Study (Edited by Jean Clottes)*, Paris, 2011, pp. 9–43.

Rozwadowski, Andrzej. “Rock art of Northern, Central, and Western Asia.” *Oxford Handbook of the Archaeology and Anthropology of Rock Art*, 2018, pp. 151–176.

Toleubayev, Abdesh, et al. Image of an eagle in the art of the early nomads. *Procedia-Social and Behavioral Sciences*. 122, 2014, pp. 240–244.

Üngör, İbrahim. “Orta Asya’dan Anadolu’ya Kayalara Yazılan Türk Kültürü (Dereçi Kaya Resimleri).” *Selçuk University Journal of Studies in Turcology/Selçuk Üniversitesi Türkiyat Arastirmalari Dergisi*, 2016, pp. 357–370.

Гузал Масадикова

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Туркестан, Казахстан)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДРЕВНИХ ПЕТРОГЛИФОВ В ДИЗАЙНЕ ОДЕЖДЫ

Аннотация. В горных районах Евразийского континента искусство росписи (петроглифов) на древнем камне зародилось еще в до н.э. В 3-м и 2-м тысячелетии до нашей эры встречаются значения, изображающие орудия и конструкции, такие как оружие и воины, круглые формы, некоторые зооморфные фигуры и колесницы. Такие ценности являются причиной того, что культура одежды, сформировавшаяся в обществе, сохранила свою жизнеспособность благодаря изменениям и по сей день. В настоящее время история дизайна одежды изменилась, и разные модели одежды стали неотъемлемой частью культуры жизни. Данная исследовательская работа рассматривается на основе композиций, используемых в дизайне одежды, с учетом символического значения некоторых основных тем наскального искусства регионов Центральной Азии, берущего свое начало с бронзового и железного века. Основная цель исследовательской работы - оценить культуру и моду одежды древнего искусства петроглифов в историческом процессе путем объединения ее с сегодняшней культурой одежды и моды, а также изучить ее отражение в современном дизайне одежды. Одновременно делается обзор древних символов на камнях и обсуждается связь между символами и дизайном одежды. После общих сведений о способе нанесения древних символов на камни, поэтапно была представлена дизайнерская идея превращения в изделие.

Изображения и орнаменты из древних символов «Образ Солнца», «Солнцеголовый человек», «Коза», «Верблюд», «Олень», «Резьба из бараньего рога», «Птица-Орел» были модернизированы в композиционном решении и помещены на перед женской рубашки. От эскиза, который является основной частью процесса проектирования изделий в дизайне одежды, до этапа воплощения идеи в продукт, работа была подготовлена и представлена визуально в компьютерных программах (Adobe Photoshop CS6 и Adobe Illustrator CS6). В то же время планируется, что Moodboard предоставит достаточно рекомендаций по рекламной концепции для удовлетворения практических потребностей дизайнеров и любителей моды. Темы, обсуждаемые в этой исследовательской работе, помогут будущим модельерам и тем, кто интересуется модой, освоить этапы процесса проектирования в дизайне одежды. В то же время использование композиционных изображений в одежде является основой формирования творческих навыков.

Ключевые слова: Петроглиф, мода, дизайн, одежда, искусство, древний символ, модернизация, проектирование.

Для цитирования: Масадикова, Гузаль. «Использование древних петроглифов в дизайне одежды». *Central Asian Journal of Art Studies*, том 9, №3, 2024, с. 178–193, DOI: 10.47940/cajas.v9i3.849

Благодарности: Автор благодарен уважаемым анонимным рецензентам, приложившим свои усилия и профессиональные знания для оценки достоинств и недостатков данной статьи.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи и заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Guzal Massadikova

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Turkistan, Kazakhstan)

USING ANCIENT PETROGLYPHS IN CLOTHING DESIGN

Abstract. In the mountainous regions of the Eurasian continent, the art of painting (petroglyphs) on ancient stone originated in BC. In the 3rd and 2nd millennia BC, there are values depicting tools and structures such as weapons and warriors, round shapes, some zoomorphic figures and chariots. Such values are the reason why the clothing culture formed in the society has maintained its viability through changes to this day. At present, the history of clothing design has changed, and different models of clothing have become an integral part of the culture of life. This research work is considered based on the compositions used in clothing design, taking into account the symbolic meaning of some of the main themes of the rock art of the Central Asian regions, dating back to the Bronze and Iron Ages. The main objective of the research work is to evaluate the clothing culture and fashion of the ancient petroglyph art in the historical process by combining it with today's clothing and fashion culture, and to study its reflection in modern clothing design. At the same time, an overview of the ancient symbols on the stones is given and the relationship between the symbols and clothing design is discussed. After general information about the method of applying ancient symbols on the stones, the design idea of transformation into a product was presented step by step.

The images and ornaments from the ancient symbols “Image of the Sun”, “Sun-headed man”, “Goat”, “Camel”, “Deer”, “Carving from a ram’s horn”, “Bird-Eagle” were modernized in the compositional solution and placed on the front of the women’s shirt. From the sketch, which is the main part of the product design process in clothing design, to the stage of implementing the idea into a product, the work was prepared and presented visually in computer programs (Adobe Photoshop CS6 and Adobe Illustrator CS6). At the same time, it is planned that Moodboard will provide enough recommendations on the advertising concept to meet the practical needs of designers and fashion lovers. The topics discussed in this research work will help future fashion designers and those interested in fashion to master the stages of the design process in clothing design. At the same time, the use of compositional images in clothing is the basis for the formation of creative skills.

Keywords: Petroglyph, fashion, design, clothing, art, ancient symbol, modernization, design process.

Cite: Guzal, Masadikova. “The Use of Ancient Petroglyphs in Clothing Design”. *Central Asian Journal of Art Studies*, vol. 9, no 3, 2024, pp. 178–193, DOI: 10.47940/cajas.v9i3.849

Acknowledgments: The author is grateful to the esteemed anonymous reviewers who put their efforts and professional knowledge to evaluate the strengths and weaknesses of this article.

The authors have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflict of interest.

Автор туралы мәлімет:

Масадикова Гузал Гайбуллаевна - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Спорт және өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының PhD, аға оқытушысы (Түркістан, Қазақстан)

Сведения об авторе:

Масадикова Гузал Гайбуллаевна — PhD., старший преподаватель факультета спорта и искусства, кафедры изобразительного искусства, Международного казахско-турецкого университета имени Қожа Ахмета Ясави (Туркестан, Казахстан)

Information about the author:

Guzal Massadikova - PhD, Senior Lecturer, Faculty of Sports and Art, Department of Fine Arts, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan)

ORCID ID: 0000-0002-6275-3871
E-mail: guzal.massadikova@ayu.edu.kz